

Білік

www.psu.kz

ГАЗЕТА ИЗДАЁТСЯ С 1 СЕНТЯБРЯ 1967 ГОДА



С.ТОРАЙГЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
TORAYGYROV UNIVERSITY

№7 (207)
4 ЖЕЛТОҚСАН 2018 ЖЫЛ

ГАЗЕТА ПАВЛОДАРСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА

ФАКТЫ

С. Торайғыров с 13 лет начал писать стихи — юноша тянулся к знаниям, много читал, стремясь к современному полноценному образованию.

В конце 1912 года С. Торайғыров поступил в духовную мусульманскую школу Расулия в Троицке: изучал науки, овладевал русским языком — читал Лермонтова, Пушкина, Крылова, желая приобщиться к мировой литературе.

Впервые выступил как поэт, публицист и очеркист на страницах прогрессивного журнала «Айқап», где он становится одним из ведущих сотрудников.

С. Торайғыров — автор одного из первых казахских романов «Красавица Камар» (1914).

Образование, культура, наука, техника — эти понятия Султанмахмұт ставит на первое место, задаваясь вопросом, что нужно казахскому народу.

Последней незавершенной поэмой Султанмахмұта была поэма «Айтыс» с подзаголовком «Состязание городского и степного акынов».

Казахский учёный Б. Кенжебаев в 1949 году выпустил книгу «Поэтическое мастерство Султанмахмұта».

Писатель Д. Абилев написал роман-трилогию о судьбе С. Торайғырова: «Мечта поэта» (1965), «Путь мечты» (1969) и «У подножья Баянаула» (1975).

Именем С. Торайғырова названы Павлодарский государственный университет, улицы в Павлодаре, Экибастузе, Алматы, Астане и других городах Казахстана, а также озеро и населённый пункт в Баянаульском районе Павлодарской области.



125-летие Султанмахмұта Торайғырова



ПОЭТ, ПИСАТЕЛЬ,
ДЕМОКРАТ

3



САКРАЛЬНЫЕ
МЕСТА

4



НЕМЕЦКИЙ ОПЫТ
СТУДЕНТОВ

8



**Я бы солнцем взошел над землей
Озарив родные края!..
Пусть сияние жарких лучей
Обогреет сердца людей.**

**Султанмахмұт
Торайғыров (1893-1920)**



**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**

ҚЫРШЫН КЕТКЕН ҚЫРАН

Қазақ халқының рухани дамуына Абайдан кейінгі өшпес із қалдырған ағартушы, аса көрнекті ақын – бүкіл қазақ зиялылары бағалаған ақын ол – С. Торайғыров.

Ақынның өмір сүрген дәуірі алуан оқиғалы, күрделі кезеңде өтті. Соған сай оның ақындық шығармашылығы да күрделі әрі әр қилы болып шықты. Сан соқпақтарға кездесті. Бірақ ол еліне деген ниетіне адал болды. Бүкіл талант-мақсаты халқына, оның бақыт-мүддесіне арнады.

Қазақ қоғамын ілгері бастырар күш деп ол оқу, өнер-білімді, ағартушылық жолды ұсынды. Ел азаматтарын соған шақырды. Сондай-ақ, басқа ағартушылар сияқты, Сұлтанмахмұт та ірі гуманист жазушы еді. Ол адамгершілік арды қорлаушыларға, надандыққа, тағылыққа қарсы күресті. Адамның жеке басының правосын жақтады. Әлеуметтік мәселелерді талқылауда да ол ашық пікірлі саналы азаматтың бірі болды. Әділеттік өмірді, әйел теңдігін аңсады. Адамға қанаушылықтан азат бақытты, саналы, мәдениетті тұрмысты арманды. Сұлтанмахмұттың өле-өлгенше күресіп өткен идеясы да, алдына қойған зор мақсаты, ақындық алып жүрегінің талғамы осылар болды. Ол бұл мақсаттарын үгіттеумен ғана шектелмеді, ақылшы ақын ғана болып қалмады. Игі мақсатын ақындық-журналистік жолмен де, мұғалімдік іс-әрекетімен де, қоғамға пайдалы ұйым ашуды көздеді. Сол кезде ақынның бұл саладағы еңбегі нәтижесіз болды. Асыл арманын үлкен қимыл-әрекетке айналдыра алмағаны оны қынжылтып, ойынның орындалмас арман екенін көріп, тұйыққа тірелген жас талап жан-жаққа ой жүгіртіп, ешбір шығар жол таппай, күйректікке де ұшырайды. Бірақ, ол ешқашанда жасыған емес. Өктем де өткір жыр жазып, өршелене түсті.

Жатпай-тұрмай іздену үстінде, оқу жолында өмір өткізеді. Қоғам өмірінің қалың қабатына терең бойлап, оның құпия сырларын түсінуге, жете тануға талпынады. Дүние, қоғам, өмір өзгерістері туралы білген-түйгендерін тамаша поэзиясы арқылы қалың қауымға таратады. Философиялық толғаулар жазды.

Саяси-әлеуметтік, қоғамдық-философиялық мәселелер ақын поэзиясының самалындай есіп, дүниетанымы қалыптасады. Ақын шығармалары халық санасын оятып, оның алдында тұрған замана талаптарын танытады, көптеген дәуір сұрақтарына жауап ұсына алады. Қазақ әдебиетінде сыншыл реализм әдісінің нығаюы үшін Сұлтанмахмұт творчествосы үлкен роль атқарғаны ақиқат. Ол қазақ әдебиетінде реалистік поэма, роман-повесть, публицистика, әңгіме жазып та көрінді. Бұл саладағы еңбектері нәтижелі болды. Ақын қазақ әдебиетінде типтік образ жасауда жақсы бастамалар көрсетті.

Сұлтанмахмұт поэзиясы өзінің көркемдік қасиеттерімен де құнды. Ақынға тән асқақ та төгілме поэзия, айдағы нәзік лиризм, өткір сатира әркез оқушы қауымның көкейіне қонады, көңіліне дариды.

Сұлтанмахмұттың негізгі шығармалары поэзия десек, сол поэзиясының басым түрі – саяси-әлеуметтік лирика. Өмір, қоғам мәселелері, езгідегі еңбекшілердің дүниеге көзін ашу, оңы мен солын

таныту – ақын поэзиясының негізгі мақсаты. Әсіресе, өмірінің соңғы үш-төрт жылдарында көкейдегі көп ойын түгел айтып кету мақсатын көздеді.

Сұлтанмахмұт әдебиет майданында небары оншақты-ақ жыл қызмет етті, жастай қайтыс болды. Ол іштегісін түгел сыртқа шығара алмай, «тым болмаса, екі жыл тұрмадым» деп арманда кетті. Дегенмен дарынды ақын аз жазса да, талабының «талқандалмайтын нәрсесі жоқтығына сеніп», асқан қажырлылықпен жұмыс істеді, артына арман мен өкініш қана емес, мол мәдени мұра қалдырды. Сұлтанмахмұт өлеңдермен қатар қазақ поэзиясы тарихында тұңғыш реалистік поэма жазған. Әдебиетімізде С. Көбеевтен соң роман жазған да Сұлтанмахмұт болды.

Ақынның өз көзі тірісінде газет, журналда жарияланып, жұртқа тараған еңбектері, негізінен өлеңдері ғана. Ал «Қамар сұлу», «Кім жазықты», «Адасқан өмір», «Кедей» сияқты кесек шығармалары қолжазба күйінде қалып, өзі қайтыс болғаннан кейінгі жерде ғана жарық көрді. Өзі көзі тірісінде көре алмай арманда кетті.

Сұлтанмахмұт қараңғылық басқан қазақ көгіне «көрмелеп шығып күн болуды» ойлаған, қазақ халқының кемеңгер перзенті еді. Сондықтан да оның есімі халықтың жадынан шығар емес. Ақын мұралары – халқымыздың өткен өмірінің дәл шежіресі секілді қадірлі. Өйткені, әрбір ұлы ақын сияқты Сұлтанмахмұт өз заманының рухын, көңіл күйін сыншыл көрсете білді. Ол шығармаларында өз жүрегінің тебіренген, айтпауға болмайтын жайларды ғана жырлады. Сондықтан, оның әрбір өлеңі халықтың арманына, тілегіне терең ұштасып отырды. Ақынның асыл сөздері ел жүрегінен үндестік тапты. Сұлтанмахмұт шығармалары – нағыз халықтық шығармалар. Оның поэмаларында, лирикалық өлеңдерінде қазақ халқының ойы, салт санасы, мінезі сондай айқын, дәл суреттелді. Сұлтанмахмұт мұралары өз заманының айнасы сияқты. Біз одан сол замандағы әлеуметтік теңсіздікті, халық санасындағы өзгерісті барлық қайшылығымен көреміз. Бұл ақынның кінәсі емес, қайта ұлылығы деп білеміз. Өз табиғатын жасырмай, шындықты іздеп, сол жолда адасуға да ұшырағанын бар даусымен айта білген адамды сыншылдығы, таза ниеті үшін айыптау кешірілмес өкініш болар еді.

Сұлтанмахмұт өз елінің адал азаматы болды. Ол халықтың басындағы ауыр қасіретті терең түсінді. Зорлық пен зұлымдыққа қарсы айбынды үн көтерді. Оның «Қамар сұлу» сияқты шығармалары ашынған жүректің қанымен жазылды. «Кедей» поэмасы қазақ еңбекшісінің ауыр халін, қазақ сахарасындағы езушілікті аяусыз әшкереледі. Кемеңгер ақын өз қоғамының барлық құбылысын көрсете білді. Оның шығармалары алған мәселесінің кеңдігі, тереңдігі жағынан Абай дәстүрін ілгері дамытты. Сұлтанмахмұт – қазақ әдебиетінің Абайдан кейінгі ең биік асқары. Ол қазақ өмірінің шындығын жырлаған нағыз ұлттық ақын еді. Өзімен тұстас ақынның ешқайсысы да дәл Сұлтанмахмұттай поэзиясын жалпы халықтық дәрежеге көтере алған жоқ.

Қазақ прозасының ірге та-

сын қалаушылардың бірі болған Сұлтанмахмұт Торайғыров мұраларының ішінде өлең аралас келетін прозалық бір роман, бірнеше очерк, әңгіме, мақалалар бар. Бұқарашыл бағыттағы жаңашыл жазушының ол еңбектері – ерекше ескерерлік, мәнді шығармалар. «Қамар сулу» романы – ақын творчествосының ғана емес, сонымен бірге, қазақ әдебиетінің үлкен табысы. Роман өзінің идеялық мазмұны жағынан дәуірінің көкейкесті мәселесін көтергені аян. Революцияға дейінгі правосыз қазақ жастарының ауыр халін, қазақ әйелдерінің теңсіздік азабын, феодалдық қоғамның озбыр салтын тағылық әрекеттерін сипаттаған бұл роман халықтың санасын оятып, көкірек көзін ашуға жәрдемдесті. Жазушы романда бас бостандығын арман етумен шектелген жастарды ғана суреттеп қойған жоқ, бостандық үшін батыл күресуші жастарды құлшына бейнеледі. Қамардың қазасы қаталдыққа бас иген әлсіздік белгісі емес, рухани күші мығым, әділдіктің қаймықпас қайсар күрескерінің әрекет-көрінісі. Қамар бас бостандығы үшін жан қия арпалысқан қазақ қыздарына үлгі етілді. Ол – жастардың жаңашыл тобын танытатын бейне, болашағы жарқын қауымның өкілі: жазушының көрегендігінің куәсі.

Сұлтанмахмұттың поэзиядан прозаға басқан қадамын осы бір ғана романынан емес, соған қоса көптеген әңгіме, мақала еңбектерінен де көруге болады. Ақын роман жазуға кіріспес бұрын «Зарландым» (1912), «Ауырмай есімнен жаңылғаным» (1913), т.б. көркем әңгімелер жазған. Бұл әңгімелерінде жазушы халыққа насихат айтып, балаларды жаңаша оқытуды талап еткенін, оқу мәселесіндегі елдегі ескілік кеселдерін сыңға алғаны аян.

Ақынның «Өлеңмен жазбақ драманың материалы» деген очерк-әңгімесі де өте әсерлі. Бұнда бірін-бірі сүйіп, қосылу әрекетін істеген екі жастың ауыр тағдыры суреттелген. Құрбан деген жігіттің өзін сүйген Мәни деген қызды алып қашуы, кейін оларды ұстап тұтқын еткен Танабидің қатал үкімі сыналады. Құрбанды түйеге асып өлтірген сияқты тағылықтарды жазушы күйіне әшкерелейді. Сұлтанмахмұт бұл оқиғаны драма жазу үшін іріктеген, бірақ үлгіге алмады.

Сұлтанмахмұт – публицист жазушы. Ол қазақ тілінде шыққан алғашқы журналдарда («Айқапта») жұмыс істеді. Сөйтіп, журнал шығарушы, қазақтың баспасөзін ілгері бастырушы ретінде де көрінді. Бұл саладағы еңбектері өз алдына зерттеуді керек етері сөзсіз. Ал публицистикалық жұмысы жаңашыл ағартушылық сападағы өткір сыншы, реалист ақынның жарқын идеясын танытатын зор мәнге ие. «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» деген мақаласы жаңаша оқып, Европа мәдениетін тез меңгеруге үндеген. «Өлең мен айтушылары», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайында» деген мақалалары – оның өлеңге, көркем өнерге көзқарасын, талғампаз талаптың ізгі мақсаттарын көрсететін эстетикалық ролі үлкен шығармалар. Өлеңнің сертқы түрі тұрсын, ішкі мазмұнына да ақын зор талаптар қоя білген. Үлгі ретінде ол Абайды ұсынып, кемеңгер ақынның әдебиеттегі маңызын жете түсінген.

Ақын тілінің көркем де таза, айқын да өткір болуын, ескісі мен жаңасы жарасымды ұштасқан, зерленген тіл болуын қалады.

Сұлтанмахмұт кезіндегі саяси өзгерістерге, қоғамдық мәселелерге де мақалалар жазды, арман ойларын анық баяндады. «Социализм» деген, түгел жариялай алмай кеткен мақаласында мәдениет жайы, техника жетістіктері, рухани табыстардан адам игілігіне жұмсалуды тиіс екені, адам оларды өзінің тұрмысын жақсартуға, еңбегін жеңілдетуге пайдалануға праволы екені дәлелденеді.

Сұлтанмахмұт – өз заманының рухын мейлінше кең көрсете білген классик ақын, қазақтың классикалық поэзиясының ардақты өкілі. Біз ұлы ақынның есіміне бас иеміз. Осындай дана ақынымыз болғанына мақтанамыз. Азамат ақын қазақ халқының бақытты, мәдениетті ел болуын өмірлік арман етіп еді. Сол үшін де ол өзіне «қараңғылықтың көгіне күн болмағанда кім болам» деп өршіл мақсат қойған болатын. Халықтың ғазиз ұлының сол арманы қазір орындалды. Қазақ халқы мәдениетті, азат ел болды.

Сұлтанмахмұттан зор әдеби мұра қалды. Бұл – халқымызға қалдырған ақынның аманаты. Сол мұраны қадірлей білуіміз, оның алтын нәрін ала білуіміз керек. Міне, осы орайда ақынның әдеби шығармаларын жан-жақты әрі толық зерттеуде С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ұжымының атқарып жатқан жұмыстары өте зор. Жақында ғана жарық көрген «Сұлтанмахмұт Торайғыров» энциклопедиясы – халқымыздың асыл перзентіне деген рухани ескерткіш осы сүбелі бастаманың бірі. Бұл аталмыш энциклопедия жалпы оқырман қауымға, сондай-ақ, асау жүрек С. Торайғыровтың шығармаларын терең білгісі келетін жұртшылық үшін бірден бір қымбат рухани қазына болып саналады.

Сонымен қатар, С. Торайғыровтың шығармаларын зерттеп, ғылыми баға берген еліміздің академиктерінің, аса көрнекті ғалымдарының әр жылдары жазған ғылыми еңбектері жинақталып, «Асау жүрек атты» 6 томдық сұлтанмахмұттану іліміне қосылған үлкен үлес болып табылады. Артына мол мәдени мұра қалдырған халқымыздың дана ұлдарының бірі – жарық жұлдызды ақыны С. Торайғыров туралы әзірленген осы басылымдар баршаымыздың игілігімізге айналатынына сенімдімін.

Шығармалары халықтың рухани өміріне терең қабысқан ақын мұралары – әрбір қазаққа қымбат, әрі сүйікті. Сұлтанмахмұтқа берілген ең үлкен баға осы. Мұндай сүйіспеншілікке әдебиеттің асқан алыптары ғана ие болады. Сол алыптың бірі – қазақтың халықтық, классикалық ақыны Сұлтанмахмұт. Ол – қазақ әдебиетінің көгіндегі жарық жұлдызының бірі. Қазақ халқы мәдениеттің биігіне өрлеген сайын, өткендегі мәдениет күрескерлеріне, ақындарына өшпес ескерткіш жасап берді. Ол ескерткіш – ақынға деген халық махаббаты.

Е. Бекмаханов атындағы өлкелік тарихи мен этнографиясы ҒПО директоры, филос.ф.к., профессор Амантай ҚҰДАБАЕВ



БЕЙСЕНБАЙ КЕНЖЕБАЕВ

«Сұлтанмахмұт терең ойлы, ұшқыр қиялды, нәзік сезімді, өткір тілді шешен ақын еді. Ол қай жанрды болсын еңбекші бұқараның «тіліне жеңіл, жүрегіне жылы» етіп жазды. Сұлтанмахмұттың шығармалары арқылы қазақ халқының ақындық мәдениеті тағы да көтеріле түсті».



ДИХАН ОБЫЛОВ

«Қай заманда да қара ниетті жаумен шайқастарда батырлар жүрегіне ел-жұртының ақ арманы, ісінің әділдігі күш үстейді. Жауына алдырмайды. Алдырса – ақ жолдағы шәһит өлім. Міне, менің де Сұлтанмахмұт туралы романдар жазуымда ұстанғаным осы қағида. Маған күш құйған – Сұлтанмахмұттың ақындық құдіреті, арманының ұлылығы, ақ жаны, адал жүрегі, найзағайдай жарқылдаған құдіретті поэзиясы».



МУРАТ АУЭЗОВ

«Попытка осмыслить место индивида в грандиозных, космических масштабах – явление, не имевшее аналогов в казахской поэзии прошлого. Частицей вечной, неистребимой, огненной материи ощущает себя лирический герой поэзии Торайгырова. Не случайно изблюбленный образ поэта — образ огня, воспринимаемый им как символ тепла и света».

АЛАШТЫҢ АҚИЫҒЫ

Қазақтың құт қонып, қыдыр дарыған Баянауласының біртуар перзенті, Алаштың ақиығы Сұлтанмахмұт Торайғырұлы. **Сұлтанмахмұт – ұлы ақын. Ұлы тұлға ешкімді де қайталамайды, ешкімге де ұқсамайды. Сондықтан да Ұлы!**

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы қазан айының 28 жұлдызында (ескі стильмен 15 қазан) қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Ш.Уәлиханов ауданында дүниеге келген. «Сұлтанмахмұтқа Торайғыр төртінші ата, солай бола тұрса да, Сұлтанмахмұт өзінің фамилиясына Торайғырды таңдап алған. Оның себебі, Торайғырды қазақ халқы жақсылық жағынан ғана біледі. Торайғыр жасанған жаудан қайтпайтын найзагер батыр болған. Төре бергенде жат-жақынына қарамайтын өте әділ би болған», — дейді ақынның немере інісі Шәймерден Торайғыров.

Әкесі Шоқыт (1856—1930, шын аты Әбубәкір) бірбеткей, шыншыл, арабша хат танытын, кедей адам болған. Шешесі Зүппен өте ақылды, тәрбиелі, әдепті, ауыл арасының өсек-аяғына араласпайтын биязы жан екен. Тұңғышы Сұлтанмахмұтты еркелетіп Мақыш, Мақыжан атапты. Ж.Аймауытовтың жазғандарына қарағанда, Сұлтанмахмұттың нағашы тегі Қарауыл Шабар, Шаншар ауылдары. Бұл тұқыммен бұрыннан сүйекшатыс болған. Шоқыттың апасы Шымпырға Шабардың Өнәпия деген баласы үйленген. Кейін Шоқыт сол апа-жездесінің қолында жылқы бағып жүргенде сүйек жаңғыртпақ ниетінде апа-жездесі Шаншар баласы Жадайдың қызы Зүппенді айтырып әперген. Екі жас кіші інісі Бәшен (шын аты Байқоңыр) дүниеге келгеннен соң көп ұзамай шешесі Зүппен қайтыс болып, қаршадай балалар жетімдік қармағына ілінеді. Әжесі Монтайдың тәрбиесінде өскен Сұлтанмахмұтты көз көрген үлкендер өгіз бұзаулап жатыр десе де сенетін аңқау, момын, сүйкімді еді деп еске алады. С.Торайғыровтың өмірі мен шығармашылық еңбегіне қатысты Қазақстан Ғылым академиясының қолжазбалар қорына құнды деректер тапсырған немере інісі Шәймерден Торайғыровтың шешесі Жұматай естелігінде: «Сұлтанмахмұттай әдемі, балғын денелі баланы көргеніміз жоқ, аузынан мәйегі шығып, уызға бөккен, жайлауда туған ақ көпештей болып маңқиып отырушы еді», — деп жүрек жылуын төге, тамсана әңгімелейді.

Нұрғали Троицк қаласындағы медресені тәмәмдаған, сол кезде қазақ арасына кеңінен тарай бастаған жаңа оқу — «ұсули жәдит» жүйесін негізге алушылардың бірі. Шәкірттеріне тарих, география, математика пәндерінен дәріс беретін, «Айқап», «Шора» журналдарын, «Қазақ», «Тәржіман» газеттерін үзбей оқитын, жеке кітапханасы бар,

ақындық өнерді пір тұтатын көзі ашық, көкірегі ояу ұстаз ол кезде ел арасында некен-саяқ еді. Сұлтанмахмұттың өлеңді табан астында суырып салып айтатынын өзге шәкірттерден естіп, өлең өнерінің қыр-сыры мол, әрі көл-көсір білім мен маңдай терді сыпырып тастап еңбектенуді қажет ететін ләззаты мен азабы егіз-қатар тұтас бір дүние екендігін ұғындыруға тырысады.

Ақын, азамат, публицист Торайғыровтың қалыптасуына Троицк кезеңінің айырықша мәнді, маңызды болғандығын бөліп айтуымыз керек. Троицкіге келген сапары жайында ақын «Айқап» журналында былай деп жазды: Шәкірттік өмірге араласу, шәһерлі жердегі түрлі мәдени ұйымдардың жұмысына қатысу, ең бастысы, «Айқап» журналының редакциясымен тығыз байланыс жасау жас таланттың жігерін жанып, ынталы шығармашылық іске жетелейді. Мерейі өсіп, құрбыларымен араласып, көңілі шалқыған Сұлтанмахмұт есін жиып туыс іздей бастайды. «Омск уезінде Көшен Қарауыл, Шабар, Шаншар ауылы нағашым еді. Хабарласуға адресін білмеймін. Білетін құрбыларымның бірі жігіттік қылып жазып жіберсе қандай алғыс айтар едім.

Журнал редакциясынан шыққаннан кейін, 1914 жылдың жазында ол туған елі, өскен жеріне оралады. Қалалы жерден өзінің көрген-білгенін үйретпек болып, ауыл-аймағындағы жастарды оқуға, мәдениетке үндеу ниетінде «Шоң серіктігі» ұйымын ашады. Ақынның інісі Шәймерден Торайғыров ұйымның мақсатын былайша түсіндіреді:

«Нашарларға, соның ішінде шамасы жоқ кедей оқушыларға жәрдем көрсету. Олардың оқу жолына қаражат беріп тұру.

Газет-журналдар алдырып, кітапхана ашу. Одан хат білетін адамдарды мүмкіндігінше пайдаландыру. Ақын-жазушылардың шығармалары болса, соларды бастыру, тағы басқа сол секілді игілікті істерге жәрдем істеу». Сұлтанмахмұт бастаған өрелі іс, ізгі ниет жүзеге аспайды. Серіктіктің мәнін көпшілік қауымның жете түсінбеуі соның мардымды жұмыс жасауына мүмкіндік бермейді, қаражат жиналмай ұйым нәтижелі іске жете алмайды.

Серіктік ұйымдастыру ниеті қолдау таппай, әрі қарай оқуға елінен қаражат жинай алмай, не де болса бағымды сынайын, сәті түссе, орысша оқын деген оймен 1914 жылдың күзінде Семей қаласына келеді. Семейде де ұзақ тұрақтауға жағдайы көтермегендіктен, Әбдікерім Ережелұлы деген ауқатты адамға жолығып, онымен бала оқытуға келісіп Сұлтанмахмұт Қатонқарағайға сапар шегеді. «Қатонқарағайға кеткенім, — деп жазады ол, — ызаға шыдамай, күн көру үшін қолымдағы қаражатым Семейде бір-ақ ай тұруға жарайтын болды. Семей қанша айтқанмен қалалы,

сынды жер ғой, арасында кем көрініп жүргенше парықсыз қазақ арасына кетейін деп ойладым».



Сұлтанмахмұт Қатонқарағай елінен Зайсан қаласына барып, одан Тарбағатайдағы Терісайрық болысында Құрбан қажының ауылында 1915-1916-жылдары бала оқытады. Құрбан қажы ескілікті әңгімені, көне шежірені, тарихи деректер мен бағзы дәуір аңыздарын көкірегінде сақтаған қазына қария екен. Торайғыровтың мерзімді баспасөзде жарияланған «Ескі сөз», «Ақ найман Ойсынбай» «Жалаңаш баба», «Елден», «Усты-Каменогорск уезден», тағы басқа біраз ел арасынан терген материалдарының дені — Құрбан қажыдан естігендері. С.Торайғыров Қатонқарағай, Тарбағатай жағында жүргенде де шығармашылық жұмыстан қол үзбеген, солардың ішіндегі оқшау тұрғаны — «Кім жазықты?» романы.

«Жұмасына екі ғана «обед» етем (ет татамын), құр шай мен нан. Киім алғаным жоқ. «Кинома-тограф», вечерлерге бір мәртебе болсын барғаным жоқ. Күні-түні айналдырғаным ала қағаздың беті, — деп жазады ақын бір досына, — әкем менен малын не аясын? Бірақ, ел болып қорқып, атты алады, малды талайды деп қалаға қатынаспай жатыр ғой деп ойлаймын... Халім осы. Сонда да қайғырмаймын. Бір тиыным қалғанша оқимын. Сонан соң, тұрмыс қандай жүк салса да көтерем, бірақ көңілім оқуда болмақ...».

Денсаулығының нашарлауына байланысты және орыс тілін мейлінше жан-жақты игеруді басты мақсат етіп қойған Сұлтанмахмұт өмірінің Томск кезеңінде мардымды шығармашылық жұмыстар тындыруға ұмтылмаған. «Ол бір қыстың ішінде орыс тілі грамматикасын, әсіресе синтаксисі мен этимологиясын жете меңгеріп алды, — дейді Ә.Ермеков естелігінде. — Орысша жақсы сөйлемегенімен, жазуға, ұғынуға келгенде өте жетік болып шықты. Ол менің үйімнен Л.Толстойдың, Руссоның, тағы басқа саяси брошюра кітаптарын оқып жүрді және оларды терең түсінетін еді». Бөліп, астын сызып айту-

ды керексінетін шындық күні бүгінге дейін Торайғыров өмірбаянының дәл осы кезеңі «Алаш» партиясымен байланыстырыла қарастырылды да,

пікір қозғаушылар бүгежектеп, жан-жағына жалтақтай қарап, қаламгер «адасты», «аяғын шалыс басты», «ұлтшылдар әуеніне ерді» сияқты ерқашты тіркестерді асығыс тізбектеп, сыдыртып өте шығуға әзір тұрды. Жазушы өмірбаянындағы аталмыш кезең, әңгіме желісіне тартылғанда қара бояуды молырақ жағуға бейімділік — қоғамдық даму мен ғылыми ізденісіне ізін қалдырған тоқырау заманының зардабы. Әйтпесе, Алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы халықтың ең ізгі мұраттарын, көксеген арман-аңсарларын — ұлттық теңсіздікке жету идеясын ту етіп көтергені анық.

Ақпан төңкерісі жеңгеннен кейін Қазақстанның жер-жерлерінде облыстық қырғыз (қазақ) комитеттері құрылды. Сұлтанмахмұт Семейде ұйымдасқан қазақ комитетінің кіші хатшысы қызметін атқарады. Комитет бастығы Райымжан Мәрсековпен көп мәселелерде келісе алмай, ұзамай комитет жұмысынан шығады.

1917 жылдың жазында «Алаш» партиясының құрылғандығы Орынборда өткен бүкілқазақстандық съезде ресми жарияланған еді. Ұлттық автономия құруға ұмтылған қазақ зиялыларының талпынысын С.Торайғыров та қостады. Бұл ретте оның «Алаш ұраны», «Таныстыру», тағы бірен-саран шығармаларының жазылуы кездейсоқтық емес, қайта елде болып жатқан ұланғайыр өзгерістерге сергек ақынның үн қосуы деп ұғынуымыз шарт. Ал «Алаш» партиясы, «Алашорда» үкіметі ұғымдары кеңес заманында құбыжық етіп көрсетіліп келді. Ертеректегі А.Бочагов, Н.Мартыненко, С.Брайнин, Ш. Шафиро еңбектерінде «Алаш» партиясының ұстанған жолы мен қызметі сыңаржақ бағаланып келсе, соңғы уақыттағы В.Григорьев, Ғ.Ахмедов, Қ.Нұрпейісов, Т.Кәкішев, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Б.Дәрімбетов, Б.Қойшыбаев мақалаларында жаңа толғамдар белең алды. Жалпы, «Алаш» партиясы мен

Алашорда тарихы объективті бағасын алар сәт туды. Тарихшы ғалымдардың толайым тиянақты пікірлері көп жәйдің басын ашты.

1918 жылдың сәуір айында Медеу ауылынан Семейге келіп, мамыр айының аяғында туған еліне қайтады. Баянтауға оралған Сұлтанмахмұт таза ауа, бал қымызбен дімкөс денсаулығын түзетуді үміт етсе, шығармашылық жұмыспен шұғылдануды да бір сәт естен шығармайды. Қазақ әдебиетіндегі лирикалық поэма жанрының бастауында тұрған «Адасқан өмір», «Кедей» туындылары — 1918-1919 жылдары ақын қаламынан шыққан, қазірде шедевр санатында аталып жүрген дүниелер.

Алау жүректі ақынның өз еліндегі мұғалім қыз Мәликеге көңілі кетеді. Жүсіпбек Аймауытовтың дерегінше, бұл — 1918 жылдың жазы. Қыз әкесі Мұхтар Кірбасұлына қазақ салтымен құда түсіп, той мәселесі сөйлесіледі. Шартарапты шарлаған ақын ойы шаттыққа кенеліп, Семей шөһеріндегі жолдастарына жолдаған хатында қуанышын жасыра алмайды: «Біздің Мәлике шырағым періште, Семейге алып барамын. Біздің Мәликенің түрі сендер менің үйімнен шықпайтындық, тапқан-таянғандарыңды маған беретіндік».

Алайда, қиял құшағына еніп, армантауға асқақтай қанат қаққан асыл азаматтың пешенесіне сүйікті Мәликесімен сүйіспеншілік ләззәтіне бөленуге тағдыр қоспады. Сырқатының меңдегенін түсініп, өмір көшінің қысқалығын ұғынып Мәликеге үйленбейді. Араларында шынайы адамгершілік қасиеттің күәсіндей адал махаббат, мәңгілік ғашық жүрек, пәк сезім қалады.

*Көңілге қайғы у салып,
Көзден жасты парлатқан,
Жүрекке жара дақ салып,
Жанды ашытып зарлатқан,
Уытың күшті, ажал-ай!-*

деп өзі айтпақшы, 1920 жылдың 21 мамырында сұм ажал қазақ өлеңінің аспанындағы жарық жұлдызы Сұлтанмахмұт ақын Торайғыровты суық құшағына алды.


Ақтық демі таусылып, фәни дүниемен қоштасарда алып азамат: «Тым болмаса екі жыл тұра алмадым, іштегіні түгел жарыққа шығара алмай кетіп барамын», — депті.

Екі-ақ жыл! Қандай асыл арман! Екі жастың біріне келмей, жиырма жетіде өмірмен қоштасуға өкінбей, іштегісін шығара алмай бара жатқанына «аһ» ұрады. Иә, тіпті, өзі тілегендей, тым болмаса екі жыл тұрса, оның, ешкімге ұқсамайтын шығармашылық тұлғасы даралана түсіп, қаяусыз шындықты қалтқысыз танытары сөзсіз еді.

Арап ЕСПЕНБЕТОВ
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, профессор

Сакральные места Майского района

В следующем году Майский район Павлодарской области будет отмечать свой 80-летний юбилей. Край богат на историческое наследие - в нем находятся недвижимые памятники культуры и искусства, являющиеся свидетельством его великого прошлого.



1

**Могила Кайсы Нургазыулы
(1888—1976 гг.)**


Слава о лекарских, предсказательских способностях Кайсы Нургазыулы распространялась далеко за пределами района. Родился в 1888 году в Майском районе Павлодарской области.



3

Наскальные рисунки Кемертуз

На территории Малайсаринского сельского округа около озера Кемертуз находятся наскальные рисунки, которые относятся к бронзовому веку, на этих скалах изображены рисунки животных.



2

Пещера «Әулие үңгір» или пещера Каныша

Расположена на острогах Калмаккырылган. С ней связаны многочисленные предания, населением региона пещера почитается как сакральное место. Высота входа в пещеру 6 м, ширина 1,5 м. Длина пещеры около 30 метров.



4

Калбасунская башня

На территории Кызыл-енбек была расположена Калбасунская башня, которая относится к XIV-XV вв. В 2003 году башня была изучена археологами Павлодарской области, найдены изразцы в орнаментальном виде.

ВЕЛИЧИЕ РОДНОЙ ЗЕМЛИ

Каждый человек с рождения больше всего на свете любит свою страну и место, где он родился и вырос. Для меня родина – это Майский район.

Настоящим украшением этого края являются люди, которыми можно гордиться. Каждый из них достоин уважения.

Об одном из них, Малайсары Токтауылулы, я хотела бы рассказать. Батыр, судья, искусный дипломат Среднего жуза из рода Басентиин племени

аргын, он яркий борец казахского народа против джунгарской агрессии. Выдающийся герой казахского народа родился на нашей земле.

Он остановил казахско-калмыцкую войну, являлся сторонником политики мирного урегулирования между двумя ханствами, был послан к джунгарам в качестве казахского посла. Был соратником Богенбая, Кабанбая, Райымбека, Баян батыра и Наурызбая. Абылай хан

высоко ценил его за мужество, ум и отвагу.

В селе Малайсары, названном в его честь, установлен памятник, чтобы его имя было увековечено.

Для меня большая честь жить в краю, где бережно хранится память о великих предках.

Мы обязаны гордиться и помнить имена батыров, которые отдали жизнь в борьбе за Родину, сохранили её независимость и прославили в веках!



**Идрисова Диана,
группа AI-101**



**Руслан Мұқанов
Ғылым және инновациялық
технологиялар бөлімінің бастығы**

ЖАРҚЫН ЕСТЕЛІКТЕР ӨЛКЕСІ

Менің өмірімдегі ең жарқын естеліктер Май ауданымен байланысты. Мен үшін бұл көп нәрсені үйренген жер.

Мен Май ауданында туым, бірақ Ленин кентінде атам мен әжемнің қолында тұрдым, ал жазда «Чапаевский» кентіне, қазір «Саты» деп аталатын ауылға мал дәрігері болып жұмыс істейтін әкеме келіп тұратынмын. Әкем қазақтың ақбас сиырларын өсіруге маманданған адам еді.

Онда «Қарасор» сортаңды көлі орналасқан, оның көлденеңі 30 км-ден 50 км-ге дейін және судың тереңдігі тізеге дейін болатын.

Көлге Қарағанды жағынан жылға келетін. Оның ені небары 30 см болатын, ал кейде тіпті суалып, тартылып қалатын. Бұл жер құзға ұқсайтын.

Бір жылы біз ол жерден тіпті ГАЗ-52 көлігімен де өте алмадық. Мен тау өзендерін бұрын көрмегенмін. Ал бұл жерде ағын толығымен таулы өзенге айналған, ал ені 15 метр болып кеткен. Сөйтсек, Қарағанды жағында орналасқан бір балық шаруашылығында бөгет жарылған екен.

Әлі есімде, көліктің ішінде отырмыз, ақырындап ағыннан өтіп барамыз, бір мезетте машинаны ағыс тартып әкете бастады. Өте қорқынышты болды – суға батып кетеміз бе деп қорықтық. Бірақ аман-есен өттік!

Содан соң бөгетте шомылдық.

Жан-жағымыздың бәрі ең дала, су мүлде жоқ, Ертіс 40 шақырымдық жерде.

Бүкіл ағын Қарасорға құйылды. Және ешқашан

балық болмаған бұл көлде, мөңке балықтар пайда болды. Оны тіпті браконьерлер КАМАЗ көлігімен аулауға дейін барды. Осы балықты артқан үш жүк көлігі біздің жанымыздан өтіп, қалаға қарай бет алды.

Көп ұзамай бұл балықты аулауға тыйым салынды, себебі балық ауру болып шықты.

Сол күндерді сағынышпен еске аламын: ыстықта да, суықта да ересектермен бірге жұмыс істедім.

Басқаларымен қатар маған да ұрсатын, мені де мақтайтын. Сол кезде көп нәрсені үйрендім.

Тіпті ұшақпен де бірінші рет Май ауданында ұштым!

Дәл сол кезде сенің өмір сүру салтыңның саған барлық жағынан әсер ететінін түсіндім.

КАЛМАКҚЫРЫЛҒАН: МЕСТО, ГДЕ РЕШАЛАСЬ ИСТОРИЯ

Предания о сражениях в горах Калмаккырылган относятся к XVIII веку. Находятся в 6–7 км на юго-запад от аула Акшима Майского района Павлодарской области. Объект представляет собой низкогорный массив Сарыарки, состоящий в основном из скальной гранитной породы. Длина горного массива составляет 18 км, ширина – 12 км.

С XVIII века Калмаккырылган отмечается в исторических преданиях казахов как место сражения казахов и жунгар за степи Сарыарки. До середины XVIII в. Данный низкогорный массив назывался Серектас. В XIX в. Наи-

менование Калмаккырылган окончательно утверждается в качестве топонима данного низкогорного массива в сознании населения Павлодарского Прииртышья и становится названием волости (Калмаккырылганской) в составе Павлодарского уезда.

В исторической науке есть несколько версий относительно датировки сражения на Калмаккырылгане. В разделе «История заселения уезда», подготовленного Алиханом Бокейхановым в четвертом томе «Материалов по киргизскому землепользованию...», встречаем следующие строки: «Внук младшего

сына Айдабола, Олжабай батыр, служивший Аблай-хану, 160 лет тому назад, т.е. в 1730 году появился в Баянаульских горах. Олжабай здесь застал калмыков, которые после долготной борьбы были отброшены киргизами на юг. Столкновения последних с калмыками в прикрашенном виде воспеты киргизскими импровизаторами «ахынами», которые изгнание калмыков всецело приписывают «храброму батыру Олжабаю и славному его хану Аблаю». Вечными памятниками упомянутой борьбы, разыгравшейся между киргизами и калмыками на территории Павлодар-

ского уезда, остаются на верхнем течении р. Чиддерты в юго-западном углу уезда – сопка Чурчуткырган и на юго-востоке уезда гора Калмаккырган.... «Кырган», от глагола «Кырмак», означает зарезанный. «Чурчут-кырган» и «Калмак-кырган» в вольном переводе означают место поражения калмыков или бойня калмыков». Таким образом, по мнению А. Бокейханова, битва на Калмаккырылгане была в начале 1730-х годов. Иного мнения придерживался Аликей Маргулан. Он предполагал, что сражение в Баянаульских горах, где погибает Жасыбай батыр, и разгром калмыков

Олжабаем на Калмаккырылгане произошли в 40-х годах XVIII века.

Калмаккырылган, как и другие известные места сражений эпохи казахско-жонгарских войн, является объектом уникальной исторической памяти казахского народа, выдающимся природным памятником, насыщенным историческими преданиями. Значимость Калмаккырылгана как сакрального объекта заключается в том, что в сознании казахов Среднего жуза Калмаккырылган ассоциируется как место последнего сражения, где решалась судьба всей Сарыарки.

САХНАДА – «ҚАМАР СҰЛУ»

С. Торайғыров атындағы ПМУ студенттері әйгілі қазақ ақыны С. Торайғыровтың 125 жылдығына орай «Қамар сұлу» романы бойынша қойылым қойды.

«Мұрагер» студенттік шығармашылық бірлестігінің жетекшісі Бәкіжан Кәкім айтқандай, спектакльге дайындық екі айға созылды. Бұл ретте жұмысқа 40 адам қатысты.

«Бізге өте қиын болды, өйткені бізде кәсіби сценаристер, режиссерлер мен актерлер жоқ, сондықтан барлық еңбекті шығармашылық бірлестіктің балалары

орындады. Бірақ, біз өз жұмысымызбен романды нақты түрде көрсетіп қана қоймай, көрермендерге шығарманың мәнін де жеткізе алдық деп үміттенемін» - деп, Б. Кәкім өз ойымен бөлісті.

С. Торайғыровтың 1914 жылы жазған «Қамар сұлу» романы Қамар мен Ахметтің махаббат тарихы туралы әңгімелейді.

Сонымен қатар, онда автордың әйел

құқықтарын қорғаудағы айқын ұстанымы көрінеді – ақылды және әдемі қыздың трагедиясы арқылы мейірімділікке деген табиғи адами ұмтылысқа жат зорлық-зомбылық пен әділетсіздік сыналады.

Ұжым өз қойылымдарын алдағы уақытта қала және аудан мектептерінде қоюды жоспарлап отыр.



ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҚЫЗЫҒАДЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде 144 шетелдік студент білім алады. Сонымен қатар, «Foundation» факультетінің тыңдаушылары арасында 79 өзге ел азаматы бар. Бүгінде Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Нигерия мемлекеттерінің жастары павлодарлық жоғары оқу орнының студенті атанып, білім нәрін сусындауда.

Пәкістандық Ахмед Интесар қазақ филологиясына қызығушылық танытқан.

«Қазақстан халқының мәдениетін зерттесем деймін, қазақ тілін меңгергім келеді. Біздің университетімізде мемлекеттік тілдің жоғары деңгейде екеніне

қуаныштымын», - дейді А. Интесар.

Бұрнағы күні шетелдік студенттер үшін «Ұлттық сәйкестік және шет елдерінің тәжірибесі» атты пікірталас алаңы ұйымдастырылды. Шара аясында студенттер шығармашылық әлеуеттерін арттырып,

халықаралық деңгейдегі мәдени кеңістікті кеңейту бағыттары бойынша ұсыныстарын жеткізу мүмкіндігіне ие болды.

«Foundation» факультетінің тыңдаушылары домбырада ән шырқап, қазақ халық билерін орындады. Классиктердің туындыларын мәнерлеп оқыды.

ЖАС КӘСІПКЕРЛЕР ФОРУМЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде SMM-ның өзекті трендтеріне арналған жас кәсіпкерлер форумы өтті.

Балалар әлеуметтік желілерде аудиториямен қарым-қатынас ережелерімен, идеялар мен қызметтерді насихаттаудың әртүрлі құралдарымен және тәсілдерімен танысты, кемшіліктермен жұмыс істеу әдістерін және стратегиялық тұжырымдаманы құру кезеңдерін меңгерді.

SMM-ді практикалық пайдалану және әлеуметтік желілерде контентті алға тарту туралы PR-кеңесші, White Media агенттігінің директоры Ринат Балғабаев айтып берді.

Абылай Юсуповтың «Бизнес пен жеке брендке арналған Instagram» атты тренингі аккаунтты рәсімдеу, аудиторияның

бейілділігі және бәсекелестерді талдау және т.б. мәселелерге арналды.

Абылай Юсупов бүкіл Қазақстан бойынша 15000-нан астам адамды, сондай-ақ Чехия, Канада, Малайзия кәсіпкерлерін оқытты. KFC, Costa, Hardee's, CCI Kazakhstan, Choco Family компанияларымен жұмыс істейді.



Уроки английского от Тары Бранденбург

В ПГУ имени С. Торайгырова приезжают специалисты практически со всех концов света. Вот и в этом учебном году нашим студентам выпала возможность повысить свой уровень «английского» с профессором английского языка из США Тарой Бранденбург, приехавшей в наш вуз по международной программе по предоставлению преподавателя английского языка на один академический год. С первых же дней студенты полюбили ходить на занятия Тары. В интервью нашей газете преподаватель поделилась своими первыми впечатлениями.

– Почему вы решили стать преподавателем?

– Моя мама работала в сфере преподавательства. С ранних лет я ей помогала готовиться к занятиям. Также в моем городе было немало иммигрантов из Мексики, которые не знали английского языка. Позднее я начала помогать им освоить его. Это вдохновило меня стать преподавателем английского языка.

– Какие методики вы используете в работе со студентами?

они могут рассказать о важных для себя вещах и о себе в целом.

Был случай, когда я вела занятия в группе, где учились дети разных национальностей, и не один из них не знал английского языка. Со временем все они смогли свободно общаться между собой. Что меня сильно обрадовало.

– Согласны ли вы с выражением: «Английский - язык образования» и почему?

определенному этносу и нации. Я считаю, что знание большого количества языков - это огромный плюс. Это возможность совершенствоваться как личность, быть креативным и находчивым. С точки зрения неврологии, постоянное изучение языков - это непрерывное наращивание нейронов. Говорят, это благоприятно влияет на мозговую деятельность.

– С чего начать новичкам изучение английского языка?

– Сейчас на просторах интернета множество возможностей для изучения английского. Вы можете найти не один обучающий ролик на YouTube. Могу посоветовать приложение для смартфонов - duolingo - оно довольно практично в применении. Я использую его в изучении русского языка.

– Какими языками вы владеете помимо английского?

– Я знаю испанский, португальский и немного французский. Также изучаю русский язык и знаю уже около 400 слов на русском. Я всё ещё не могу свободно говорить, но вполне могу спросить дорогу у прохожих или цену за товар. Но я активно пополняю свой словарный багаж, и если какое-то новое слово узнаю, то стараюсь его запомнить.

– Как вы оказались в нашем вузе?

– Я приехала по программе English Language Fellowship, которая подходит как для преподавателей, так и для студентов и магистрантов.



Эта программа спонсируется правительством США и ее места ограничены. Она совершенно бесплатна, и всё, что требуется - это подать заявку и ждать. Для студентов есть персональная программа US Government-Sponsored Scholarship Programs.

– Какие впечатления у вас о нашем городе?

– За время пребывания здесь я побывала во многих местах. Город очень красивый, здесь есть, где погулять. Но больше всего понравилась набережная города Павлодар.

Хочу отметить, что мои коллеги встретили меня дружелюбно. В первые же дни они помогли мне приобрести очки (улыбается), решить вопрос со съёмом жилья - ведь город был совсем незнакомый! Приятно, что я могу обратиться к ним за помощью. И мне нравятся местные жители - что они открыты в общении со мной.

– Вам довелось попробовать национальную казахскую кухню?

– В Павлодаре, в компании друзей я пробую много местных блюд, но, к сожалению, не могу вспомнить их названия. А вообще обожаю готовить сама, и предпочитаю блюда мексиканской кухни.

– Что вы думаете об уровне знания английского языка в Павлодаре?

– Я приятно удивлена тем, что большинство студентов и жителей Павлодара могут

свободно говорить на английском языке. От этого моя работа значительно легче.

– В каких странах вы работали?

– Я преподавала в Бразилии, Коста-Рике и Гватемале.

– Как по-вашему, в чем разница между американской и нашей молодежью?

– Думаю, что особых различий нет. Скорее сходства. Они стремятся к лучшему, думают о своем будущем, хотят мира во всем мире. Студенты ПГУ наглядно показали, что придерживаются этой позиции.

– Какой жизненной позиции вы придерживаетесь?

– Мне нравится высказывание Ганди: «Если желаешь, чтобы мир изменился, - сам стань этим изменением».

Если вы хотите больше узнать о бесплатных курсах английского языка Тары Бранденбург, переходите на страницу в @american_corner_pavlodar в инстаграм.

Диана УМАРОВА

PAVLODAR STATE UNIVERSITY

ENGLISH SPEAKING CLUB

20 18

PRACTICE ENGLISH WITH PROFESSOR TARA BRANDENBURG

WEDNESDAYS 17:35-18:25

ROOM 239 LOMOV STREET 64


ENGLISH LANGUAGE PROGRAMS

www.elprograms.org

U.S. DEPARTMENT OF STATE

– Непрерывной работе с теорией я предпочитаю коммуникативную. Помимо этого, стараюсь создавать условия, при которых студенты вынуждены говорить друг с другом на английском языке. Так

Частично согласна. Да, английский - язык международного уровня. Но стоит отметить, что все языки важны. Ведь язык - это национальная идентичность человека. Осознание принадлежности к



АГРОТЕХНОЛОГИ ПГУ НА ПРАКТИКЕ В ГЕРМАНИИ

Этим летом мне выдалась прекрасная возможность поехать на сельскохозяйственную практику в Германию по программе DEULA – NIENBURG. Дни, проведенные там, стали не только богатыми на полезные навыки, но и одними из самых ярких впечатлений этой осени.

Из нашего университета поехали 6 человек: 3 парня и 3 девушки. Практику проходили 4 месяца. Когда мы приехали, с нами провели собеседование, где мы должны были выбрать ту отрасль сельского хозяйства, которой хотим заниматься. Затем отправили на общие учения и только потом распределили по фермам.

Наш преподаватель раздал книги-словари, показал всю сельскохозяйственную технику, рассказал о принципах ее работы, объяснил, как управлять и даже устроил маленький экзамен по вождению.

Было очень интересно, увидеть это все своими глазами, эти огромные машины, потрогать, залезть, посидеть внутри, глядя на всех свысока.

После теории мы перешли к практике, где нужно было...ехать на тракторе механика!

Как тяжело! Выжимать сцепление, переключать скорость, а еще и руль крутить одновременно! Но мы не из робкого десятка – не только всё смогли, но и получили похвалу от нашего наставника!

Дальше нас ждал экзамен: требовалось заехать на перекалдины и, остановившись посередине, словить равновесие так, чтобы перекалдины с двух сторон оказались в воздухе, оставшись в таком положении на 30 секунд. Но мы и здесь справились!

После успешного завершения экзаменов ждала масштабная сельскохозяйственная выставка.

Каждый фермер мог представить свою продукцию и технику, рассказать о технологиях выращивания культур и обработки земли. При этом, все представленное было выращено прямо на выставке. К примеру, чтобы пшеница проросла в срок, ее здесь сажали осенью.

Мы были полны сил и энтузиазма, и нам не терпелось попасть на фермы. Я предпочла работу с лошадьми, и выбрала спортивное коневодство, о чем ни разу не пожалела.

Итак, моя ферма «Reitstall Rippe-Lachnit» – это семейное дело Риппе и их дочери Мануэл-

лы, которая занимается разведением и продажей спортивных лошадей ганноверской породы.

С первого рабочего дня я познакомилась со всеми «жителями» фермы – это 85 голов молодых и постарше лошадей, так что фронт работы был не маленький! К счастью, все животные были очень дружелюбны и даже павлин Генри каждое утро приходил к окну и будил меня.

Ганноверские лошади сильно отличались от тех, с которыми я работала в Казахстане. Первое, что бросается глаза – это то, что при своем огромном росте они очень добрые!

Ганноверы – идеальные спортивные и верховые лошади. Они имеют отменную мощь при средней резвости. Поэтому больше используются именно в конкуре и выездке. Очень подвижны, имеют мощный прыжок. Что касается характера, он тверд и настойчив, темперамент уравновешенный.

Эта самая известная спортивная порода в мире, уже много лет успешно выступающая на международных соревнованиях. Ее создали немцы, славящиеся своей скрупулезностью, из не самого привлекательного поголовья, значительно улучшенного посредством скрещивания с чистокровными верховыми, тракненскими и арабскими скакунами.

При моей ферме была школа конкура и выездки для детей, взрослых и любых желающих. После своего рабочего дня, я тоже училась конкуру или просто выезжала на проездку в поле. Это была возможность расслабиться, пообщаться с животным и просто насладиться видом заката...

За время работы на ферме удалось попробовать абсолютно всё! Начиная от ухода за животным, заканчивая их тренингом.

Я кормила лошадей, ежедневно совершала обход, осматривая животных и их денники, если животному требовалась медицинская помощь, её оказывала. Даже пробила стричь копыта лошади!

Это сложно, для этого нужны сильные руки. Оповаживала жеребят, работала с молодняком, приучала их к чистке, различной амуниции, требуется много терпения и соблюдение последовательности. Нужно наладить контакт с животным – лошадь не должна бояться инструктора.

С более опытными лошадьми мы выходили на манеж или открытый плац и проводили тренировку на корде. Это приучает лошадь доверчиво относиться к человеку, его голосу, учит понимать и выполнять все требования, вырабатывает ровные, спокойные движения на разных аллюрах.

Это отличный способ потренировать лошадь, на которой по какой-либо причине нельзя ездить верхом, или успокоить ее перед стартом, если она излишне возбуждена, отработать упражнения на расслабление на кавалетти, также при ее напрыгивании на препятствия, изъять излишнюю энергию у молодого животного.

Так совпало, что в этом году состоялся юбилейный, 30-й турнир за всю историю семьи Риппе-Лакнит.

Со всех уголков Германии, даже из Бельгии и Нидерландов приезжали участники и боролись за первенство. И это одно из самых ярких впечатлений, ведь я всегда хотела увидеть соревнования в исполнении профессионалов своими глазами!

Практика в Германии меня очень впечатлила. Это был незаменимый опыт: основы ведения хозяйства, правила ухода за животными, тренинг спортивных лошадей. Я и подумать не могла, что все это так интересно! Ты не просто читаешь учебник, ты делаешь все сам! И это поразительно, насколько по-другому ты начинаешь это видеть.

**Алия ТОКТАСЫНОВА,
группа ТППЖ-302**



Меншік иесі – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1858-Г куәлігі берілген (27.03.2001)

Газет С.Торайғыров атындағы ПМУ-інің «Білік» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Редакция мекен-жайы: Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64, 230 – кабинет. Байланыс тел./факс: 67-36-48. www.psu.kz.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Ақылдастар алқасы: Р.Т. Билялов, Ю.Д. Поминов, А.Ф. Зейнулина, Р.Ш. Торпишева

Редактор: Т.А. Вервейко
Тілшілер: К.В. Власенко
А. Адильбек

Көркемдеуші-беттеуші: К.В. Власенко, Е.М. Абенов
Корректор: С.К. Шаймарданова, Н.А. Нуркина

«Дом печати» ЖШС
баспаханасында басылды.
Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143 үй.
Телефоны: 8 (7182) 618026
Тапсырыс: № Г18 – 2521
Тиражы: 700 дана.